

Жазушы Өмір КӘРІПҰЛЫ - 75


Балалық шағым алыстағы ауылда, тау арасында өтті. Арқа даласының жатаған таулары бір-бірінен иық асырғысы келгендей жарыса ереуілдеп тұрады. Әрине, олар Алтай мен Алатаудай заңғар емес. Сол жатаған таулар мені биігіне бастады. Оларды айтып шығуға да болады. Бірін атасам екіншісі өкпелеп қалуы кәдік. Дегенмен, басты-бастыларын атап көрейін. Олардың негізгілері - Ақтау мен Ортау, Қызылтау боп келеді. Осылармен деңгейлес Таятқан-Шұнақ, Сарықұлжа, Қоңырқұлжа, Бәйбіше, Қушоқы, Желтау, Қабантау, Айдаһарлы, Өгізтау, Қаратөбе, Әділше - менің көзіме ыстық. Бұлардың көбісінің басына шықтым, жұасын тердім, тау сағызын шайнадым. Тау сағыз керемет қой, шіркін! Оның шырынын ептілікпен еңбектеніп жиясың. Тау сағызды (құм сағыз да болады) ертеңнен кешке дейін шайнасаң дәмі бір кетпейді аузыңнан. Осы таулардың жұасы қандай еді. Нанға қосып, сүтке шылап жегеніңде кеудең кеңіп сала береді. Тынысың ашылады, мұрныңның сіңбірігі тыйылады. Жөтелгенді ұмытасың. Тау жуаны көктемде тереді. Сабаудай боп жетілгенде жеген дұрыс. Қышқылтым уыз дәмі сүт татып тұрады. Біздің өңірде Арқа даласында сарымсақ өседі. Сарымсақ кәдімгі пияз бен шесноктың түп негізі. Тау аңғарында, шабындықты сайда жетіледі. Шөбі қою өскен тепсеңде, шилеуітті өзекте бүрленеді. Жаз ортасынан ауа бере толады. Күзде әбден кемеліне келеді. Сол кезде сарымсақты қазып, жинап алу керек. Шешелеріміз сарымсақты нанға орап самса пісіретін. Біздер, балалар, оны нанға қосып, айранға шылап жейміз. Сонда бойыңа төтеннен күш қосылғандай қуаттанып аласың. Сарымсақты шешелеріміз тұздыққа пайдаланады. Етке, кеспе көжеге қосады. Сонда тәбетің ашылып, тағамды тоя жейсің. Сарымсақты жеп өскен баланың тісіне қанқұрт түспейді. Көзі көргіш келеді. Тұмауға беріспейсің. Өкпе дертіне шалдықпайсың.

Саңғыру мен Бүркітті биігін айтпай кетсем, олардың назасына қаламын. Шың деп, құзар деп әсірелеуге аузым бармай отыр. Мен үшін

неді, тай үйретеді. Бір ауылдан екінші ауылға қыдырыстап барасың. Әйтпесе, қой бағып шығасың. Үлкендерге ілесіп сапарлайсың. Сонда бір белге шықсаң екінші бір белес қелдеңдейді. Ұзыннан-ұзақ созылған белестер таусылмайды. Сонда да алға тырмысасың, барар жеріңе тез жетуің керек. Биік тауларға шығып, жер шегіне жетіп, дүниені шарлап саяхаттасам-ау деп, жігіт болсам-ау, үлкендікке жетсем-ау деп қиялдайсың.

Балалық шаққа не жетсін. Оны мәнді де мағыналы өткізуің керек. Кішкене күніңнен жаман әдеттерден өзіңді қашық ұстасаң дұрыс өсесің. Кәнеки, балалық шақтың белестеріне көз жіберіп көрелік. Менімен бірге болыңдар, жас достар!

...Есімді алты жастан біле бастадым. Бірақ, көргендерім алдыр-бұлдыр көмескілеу еді. Айналадағы көріністерді бәз қалпында қабылдауға балаң сананың қауқары жете бермейді. Мен онда қиян шеттегі алыс ауылда тұратынымызды білмейтін едім. Әкем мен шешем қасымда, балаға одан артық не керек. Күндіз күн шығады, түнде ай туады, жұлдыздар жымыңдайды.



Балалық

(Хикаяттан үзінді)

Бір-біріне еркелеп мойындарын айқастырады. Айдыннан көтеріліп ұшқанда сыңқ-сыңқ етіп үндерін созады. Сонда менің жүрегім уылжып кетеді.

Сөйтіп жүргенде, атам ләлеге ұрынды. Әлгі ұзын уәкіл құс атып жүріп аққуды жайратып салыпты. Соған ызаланған атам оны сабап тастапты. Қамшымен шықыртқанда бір көзін ағызып жібере жаздаған.

Шешем сұмдықтай бүлінді. «Аққуды қорғаған неңді алған, ойбай! Сотталатын болдың ғой!» деп екі бүйірін таянып алып, дауыс қойғанда, мен онымен қосыла жыладым. Қой фермасың меңгерушісі Ошан: «Әй, ақсақал, бұл қай білгенің? Бүгінің өзіңе көп болайын деп жүр ме?» деп дігерлесін. Онсыз да түрі суық кісінің мұрты едірейіп, көзі аларып кеткен.

Іле милиция келді. Пагоны бар адамды бірінші көруім еді. Жүзі жылы кісі екен. Қатты кетпей жай-жай сөйледі. «Қой бағусыз қалатын болды» деп көзі жасаурады запперменің. «Қойшыны соттағанша мені әкетіңдер. Төрт жыл қан кешіп қырғын соғыстан да аман қайтып едім. Түрмені де көрейін.»

Біздің меншік биеміз бар-тын. Соның сүп-сүйкімді қара тайын ат-шапан айыпқа деп, атам аққуды атқан уәкілге жетектетіп жіберді. Әкемнің сотталмай аман қалғанына қуансам да, ат қып мінем ғой деп жүретін қара тай есіме түссе ішім ашиды.

Аққудың қарынан айрылған аққуды көре алмадым. Жоқ болып кетті. Сірә, өліп қалған шығар деймін. Сыңқылдап жылағанын құлағым естіген еді. Енді мен басқа құстарға зер сала бақыдым. Үйректің бірнеше түрі болады екен. Дәрігер үйрек ірі келеді. Қанат сермесі баяу жайылады. Олардың ең әдемілері қасқалдақ

бұл екі биік киелі саналады. Кіп-кішкене кезімнен осы екі биікке көз талдыра қарайтын едім. Сонда менің назарыма шырқау биікте парлаған ірелейсіз ірі құс шалынар еді. Кейде аспан асты әлгі құстардың қанат суылына толып кетеді. Кәдімгі тау қыраны бүркітті мен бала кезімнен көріп өстім. Олардың қанат бүгіп ұя салатын тау биігі - құс саңғырығына малынып тұратындықтан, Саңғыру аталыпты. Бүркітті биігі қырандардың құтты мекені болған. Сол себептен қос заңғар киелі де қасиетті саналады.

Өзендер мен бұлақтардың кереметіне баға жетпейді. Балалық шағымның күзегі - Атасу мен Шажағай, Зәйімке, Сарысу өзендерін көп жағаладым. Суына шомылып, балығын ауладым. Шажағай өзені тартылып қалды. Табиғат жыл-жыл сайын сараңсып барады. Адамдарға өкпелейді ғой деймін. Табиғатты жылатуға болмайды. Онда өмір сүруді шын-датып аламыз. Күліп ағатын күміс бұлақтарға зар болдық. Солардың бал татыған кәусарынан бала кезімде қанып ішкен едім. Әлі күнге шейін аңсаймын. Тұнығынан бір жұтсам-ау деп. Әредік кезігеді тау ішінде. Баяғы екпіні жоқ, сыздықтап жылап ағады. Ағысынан жаңылып тұма боп қалған бұлақтарға жаным ашиды.

Мені қаламға үйір қылған - дала көрінісі, тұған жер келбеті. Табиғатты бейнелеп тұған жер дейміз ғой. Дала көріністері - оның тау мен тасы, өзені мен көлі, бұлағы, мың сан есімдігі, аң мен құсы сені еріксіз өнерпаз ғып шығарады. Содан да мен кішкене күнімнен даламен мұңдас болдым. Нағыз суретші табиғаттың өзі. Менің сурет салуға икемім жоқ еді. Тұған жердің сұлулығын сөзбен өрнектеуге құлшындым. Әсіресе, тауларға, сайында ағатын бұлақтарға ынтық едім. Сағымды далаға жаным құмар. Оларды түсімде де көз алдымнан өткізіп жатамын.

*Тау анасы, бұпақ ерке қызындай,
Өр төсінде еркелейді күліп жай.*

*Бейне бұлақ тамырындай таулардың,
Қысы-жазы тулап аққан суынбай.*

Таулар мені биігіне бастаса,

Бұлақ жайлы түсінігім басқаша.

Ұлылығын сүймес едім таулардың,

Балбұлағы сайында ағып жатпаса, - деп жырладым. Өзендерді де ыстық көретінмін. Олардың шапағатын көп көрдім.

Өзен-өзен анамсың ғой сен де бір,

Күміс сумен тазартасың тәнімді.

Балалығым толқын қуған сенде жүр,

Тамсана бір тыңдап қалам әніңді,

- деп қимастықпен еске аламын.

Енді мен сендерге жер бедеріне байланысты географиялық атаулардан аздап мағұлымат берейін. Осы хикаяттың «Балалық шақтың белестері» деп аталуына байланысты тақырыптан аздап ауытқуға тура келеді. Оның еш сөкеттігі жоқ. Далаға деген түсініктерің молығады. Дала үнемі жазық бола бермейді. Көбінесе белбелесті, қырат-қырқалы, жон-жонысты, ойлы-қырлы болып келеді. Төбелер мен төбешіктер «мен мұңдалап» тұрады. Ауыл баласы атқа мі-

Жазда жаңбыр жауады, күн күркіреді. Қыста аяз шымшиды құлағыңды, қар жауып, боран соғады. Табиғаттың бұл амалы түсініксіз маған. Неге ашуланады деп ойлайтынмын.

Қыс түскен кез. Үй мен қора дәу таудың етегінде. Атам ертеңгілік отарды қорадан шығарып әкеткен. Кешке таман қар ұйытқып боран соқты. Тебіңдегі отарды ауылға жеткізе алмай атам қоймен бірге ығып кеткенін шешем маған айтпады. Бірақ, мен ол жағдайды санамнан өткізіп топшылап қойғанмын. Апам жылайды, онымен қосылып мен де жылаймын. Көмекші қойшы да мырсылдайды, оның жас келіншегі әдемі тәте де егіліп отыр. Мен оларға қарап бақырамын. «Атамды қасқыр жеп қоятын болды-ау!?» Қасқыр көп маңайда. Топталып, бес-оннан шұбырып жүреді. Түнге қарай ауыл сыртына кеп ұлығанда зәрем ұшады. Иттер арпылдайды. Атам далаға шығып мылтық атады, сонда ғана тоқтатады ұлығандарын,

Біз сотталған адамдармен қатар тұрамыз. Оларға қой бақтырады. Мылтықты бастықтары ауылға кеп жүреді. Солардың біреуін таяуда қасқыр жеп кетіпті. Атамның айтуынша, боранды күні пар ат жегілген шанамен келе жатқанда, қасқырлардың қоршауында қалып, «жаман ауыздарға» жем болады. Ат үркіп, шанадан ауып қалған дейді. Құр қол қалған оны аш бөрілер бәршектеп жеп қойыпты. Аттар аман қалыпты. Ауылға шапқылап жетсе керек. Мылтық шанадан табылыпты. Соны естігелі менде зәре жоқ. Шешем түнімен зарлады. Мен жылай-жылай сілем қатып ұйықтап қалыппын. Көзімді ашсам-үйдің іші жап-жарық. Көрпеге оранып пеш түбінде әкем отыр. Маған түсіндіріп жатыр басынан өткерген шырғалаңды. Ыққан отарды ұшқатты сайда түнімен күзетіп шыққан. Жалғыз қасқыр кеп киліккен екен, әкем оны жайратып салыпты.

Қой төлдеп болған соң, жайлауға құладық. Мол сулы өзен арнасынан асып жатыр. Қойлы ауылдар өзен жағалығына шанжау-шанжау қоныстанған. Өзеннің бойы құстан көрінбейді. Су құстары мейлінше мол. Үйрек, қаз жырттылып айрылады. Солармен қосарланған әдемі ақ құстың сыңқылдаған үні құлағыма жайлы тиеді. Өздері бар ғой әп-әдемі, сұп-сұлу шетінен. Мойындары ұзын-ақ, суда жүзгенде әсем көрінеді. Олардың нәзік дыбыстары мені мұңға батырады. Сонда мен әлдекімді сағынатын сияқтанамын. Кімді сонда? Ә, таптым! Атам менің бас шопан болғанда, Құлтай көкем оған көмекші. Оның Мереке деген бойжеткен қызы бар. Ол мені қасынан тастамайды. Кейде қойнына алып жатады. Бізбен туыстығы бар олардың. Бір үйде жеке өскен мен жалғызсырайтын едім. Сонда Мереке әпкемді өзіме демеу көріп, оны көзімнен таса қылғым келмейді. Бірде ауданнан келген уәкіл Мереке апайыма жұғысып қоймады. Оның топ-толық ұзын шашынан тартқыштайды. Одан бүйіріне қолын жүгіртеді. Төсіне сұғындырады саусағын. Ызам келді де, сорайған ұзын уәкілді атамның қамшысымен шықпыртып жібердім. Уәкіл маған ұмтылғанда, апайым оның созылған қолын қағып жіберді. Сол жақсы көретін әпкемді өткен қыста көрші

ауылдың бір жігіті алып қашты. Екеуі бір-біріне ғашық боп қалған дейді. Сонда бір қоймай-қоймай жылағаным бар. Мереке есіме түскенде әлі күнге көзіме жас келеді. Әппақ құстардың нәзік сыңқылы апайыма деген сағынышымды қоздырып, ішімді ойға толтырып жібереді. Сонда атамды тұртпектеймін.

- Мына бір ақ құстар не, ата?
- Аққу ғой, балам.
- Бұлар неге әдемі?

- Ә, оның мынадай себебі бар. Ерте бір кезеңдерде біреудің жаннан асқан сұлу қызы болған екен дейді. Сол қызын әке-шешесі бір байдың есерсоқ баласына ұзатпақшы болады. «Бермеші оған, сүймеймін оны!» деп жалынса да жібімепті қатыгез әке. Содан қыз көлге батып өлмекші болғанда, ғайыптан бір құс пайда болып, қызды іліп әкетеді де, сол бетінде көкке сіңіп көрінбей кетеді. Содан әлгі мұңлық шара сыздан аққуға айналып кетіпті дейді. Атамның сол сөзінен кейін мен ақ құстарға ынталана бастадым. Олардың сыңқылдағаны жаныма жайлы тиеді.

Бір күндері жайлаудағы қойлы ауылдарға әлгі бір түрі суық ұзын уәкіл келді. Астындағы аты өзінен биік, өзі атынан да зор. Одан ауылдың бар адамы қаймығады. Үй-үйді тінтікілеп жүреді өзі. Қызметі солай көрінеді. Қойшылар ұрлап қой сойды ма екен деп тексереді екен. Одан жамандай қорқамын. Ол келе жатқанда, төсектің артына тығылып қаламын. Мереке апайымның көрші ауылдың жігітімен қол ұстасып кетіп қалғаны қандай жақсы болды. Мынаған қосылғанда онда мен әпкемді жек көретін едім. Апам уәкілді інім деп іш тартады. Сөйтсе де ол тұртпектеген әдетін қоймайды. Апамның көзін ала беріп, ас шимен қоршалған пісі асты қайткенде бір көріп шығады. Атам түскі дамылда дәу қырықтықпен қой қырқа бастайды. Қойдың үстіндегі жабағы жүнін сыпырып түсіреді. Мен оған қуанамын. Қойлар енді ыстықтамайтын болды-ау деп. Апамда дамылдық жоқ. Ешкі түбіттейді. Темір тарақпен ешкіні тырмалайды да жатады. Ауданнан келген әгентке ешкіден тарап алған түбітін өлшеп, өткізеді. Сонда шәліге деп аздаған түбіт алып қалған ғой апам. Сол тығындысын әлгі ұзын уәкіл көріп қалып ал кеп апамды тергемесі бар ма. Ол кісі жұмсақ болатын «Інімсің ғой» деп жалынып-жалпайып зорға жұмсартты оны. Атам сұп-сұр боп қанын ішіне тартып алды, уәкілге тісін қайрап, оған жаман көзімен қарады. Бірақ лә деп жақ аспады. Атқа ер салғанда арқасына батпасын деп қойдың жабағы жүнінен іштік салынады. Іштікке деп атам да бір қойдың жүнін алып қалыпты. Атамның сонысын пәлекор уәкіл тауып алды. Екеуі менің ұғымыма ауыр сөздермен тәжікелесті. Атам ығыспады одан.

Уәкіл біразға дейін көрінбеді. Ауыл-ауылдарды аралап, тексеріс жүргізетін одан иттер де ығысады Тақымына басқан қос ауызын күмп еткізгенде, шәуілдектер безіп жөнеледі. Өзінің құс ататыны бар, сонсын жек көремін. Менің құстарға деген көңілім өзгеше. Аққуларды айрықша қызықтаймын. Өздерін жақыннан көруге тырысамын. Суда жүзгендері кереметтей әсем.

делінеді. Оны атамнан сұрап біліп алдым. Шүрегей үйректер суға сүңгігіш келеді. Сонысымен алдаусыратып, өздеріне қастық қылғысы келгенерден жалтарады. Олардың бұл әдеті маған ұнамайды. Қанаты тұрғанда неден қорқады? Қаздың бір-ақ түрі бар деді атам. Қоңыр қаз дегені. Қараша қаздар теңізді сағалайды екен. Біздің жаққа келмейді. Қаздар үйректерге қарағанда момақан тәрізді. Сымпылдап ұша бермейді. Қамысты қара суларда жүзеді. Көзге түспей тасада жүреді Үйректерге қарағанда қаздар аз ғана. Балапандарын қамыс арасынан шығармайды. Бір жолы оларды көріп қалып, кішкене ұстап алдым. Қолға тез үйренді қаз балапаны. Әкем менің бұл әурешілігімді жақтырмады. "Босқа обалына қалып өлтіріп ала-сың ғой" деді. Бұрынғы кезеңде жігіт шағында атам жыртықш құстарды қолға үйретіпті. Ол құстар-қаршыға сұңқар, жағаптай, ителгі, қырғи делінеді екен. Атамның қолға үйреткен қаршығасы әндемді болыпты. Оған кәдімгі қаз, үйректі ілдірген. Мен керісінше қаздың балапанын асырап жатырмын. Оған «Қоңыр» деп ат қойдым. Мамырлап баяу қозғалады. Сабырлы өзі. Жетіліп қара қанаттана бастады. Оны суға жіберіп қызықтаймын. Бәз бірде қанаттарын кере сабаланып суды сызып жөнеледі. Ұшқысы келетін тәрізді. Сонда оны аяп кетемін. Өзінде ес бар ғой деймін. Мені қиып кете алмай жүрген шығар-ау. Солайша алдаусыратамын өзімді. Ұшуға зауқы жоқтығы содан да болуға тиісті. Оған неше түрлі тамақ жегіземін. Ірімшікке құмар. Нанның үгіндісін де шоқиды. Құмшекерге де үйреттім. Қамыстың сүйірігін әкеп беремін. Кәдімгі сүт татыған ақ қоғаны шайнаңдайды.

Алғаш мектеп есігін ашатын кезім жеткенін іштей түйсінсем де, оқуға зауқым соқпайды. Осылай ауылда, әке-шешемнің бауырында неге жүре бермеймін? Бірақ менімен санасатын кім бар? Қоңырды тастамаймын деп қиғылық салдым. Атам балапанды қоржыннан басын қылтитып шығарып қанжығаға бөктеріп алды да, мені алдына отырғызып алып белгісіз бір жаққа тартып кетті. Атамның қойға мінетін күреңі бізді мәу деместен ынталы аяңдайды. Атам оны анда-санда желдіртіп алады. Қоңырда ептеген қарсылық бар, құмыққан үнмен мазасызданады. Менің де көңілімде құлазу бар. Ауылдан шықпай жатып апамды сағына бастадым. Қоңырым болады қасымда деп жұбаттым өзімді.

Сонымен бағдарға алған мекенге де келіп жеттік. Атығай деп аталатын кеніш маған қала сияқты көрінді. Адамдар көп-ақ, балалар да қаптап жүр. Мұндағы адамдар жерді үңгіп қара тас өндіреді екен. Кейінірек білдім ол тастың қасиетін. Вольфрам дейді оны. Әкемнің інісі Әбілқасым ағатайым кеншілердің малын бақтыратын бригадир екен. Мен сол үйде жатып оқимын. Ондағы адамдардың дені кәрістер мен орыстар. Қазақтар аз ғана. Кәріс көп бәрінен. Олардың балалары шақар келеді. Біреуіне тиіссең, өзгесі саған жабылып кетеді. Мен кіп-кішкенемін, кімге әлім келгендей?! Айналамдағы нәрселер үп-үлкен. Кенттің көк желкесіндегі шоқы маған тау тәрізді көрінеді. Сол биік шоқы-